

Астана медициналық университеті

# СӨЖ

## Тақырыбы: «Дәрігердің кәсіби деформациясы»

Орындаған: Бекболат Галымбек  
Пән: Психология негіздері және  
коммуникациялық дағдылар  
104-топ жалпы медицина  
факультеті  
Тексерген: Жукина Динара  
Камидоллаевна

2016 жыл

# Жоспар


- Кіріспе
- Негізгі бөлім.
  - «Эмоциялық жану» синдромы
  - Дәрігер үрейі.
  - Дәрігер депрессиясы
  - Дәрігердің интроверсиялы болуы
  - Коммуникативтік толеранттылық
  - Деформацияның алдын алу
- Қолданылған әдебиеттер тізімі.



# Кіріспе

- **Кәсіби деформация**(лат. деформация-бұрмалану)- кәсіби қызметтің сыртқы және ішкі факторларының тұрақты қысымы салдарынан пайда болатын, тұлғаның кәсіби типін қалыптастыратын бұрмалану
- Осы терминді **П.Сорокин** адамға кәсіби қызметтің жағымсыз әсерін білдіретін термин ретінде енгізді





# Деформация тудырушы факторлар

Қызмет  
ерекшелігі

Тұлғаның  
қасиеті

Әлеуметтік -  
психологиялық

- Кәсіби деформацияның себептерінің бірі-маман қатынасуға мәжбүр болатын қоршаған ортасының ерекшелігі, қызметінің ерекшелігі. Одан басқа еңбек бөлінісі де себеп бола алады.





# “Күртешеңізді түсіріңіз”



# Дәрігердің кәсіби деформациясының түрлері

## «Эмоциялық жану» синдромы

Көріністері:

- Айырмашылықты сезбеу, эмоциялы титықтау, қалжырау. Бұрынғыдай жұмысын беріліп атқара алмайды.
- Дегуманизация. Өз әріптестері және науқастарымен жағымсыз қатынасының дамуы
- Кәсіби шебермін деген сезімнің жеткіліксіздігі, яғни кәсіби жағынан өзін жағымсыз қабылдайды





Осы синдромнан **құтылу** үшін көбіне жас дәрігерлерге кәсіби қарым-қатынас процесі кезінде эмоциялық елігушілік дәрежесін мөлшерлеп отыруға үйренуі қажет. Эмоциялық “қосылу” психологиялық байланыс орнату кезінде **маңызды**





# Дәрігер үрейі.

Дәрігердің кәсіби қызметі ауру барысын болжай алу қабілетін талап етеді. Осыған байланысты дәрігерде болжау қабілетіне кері әсер ететін үрей туындауы мүмкін. Үрей жағдайды дұрыс бағалап, ауру дамуының мүмкін нұсқаларының дұрысын таңдауға кедергі келтіреді. Дәрігер үрейі мен қорқынышы науқаспен қарым-қатынасты үзеді. Дәрігер үрейі науқасқа беріліп, науқас жазылу мүмкіндігіне сенуден қалады.



# Дәрігер депрессиясы.

Депрессивті болу өткенді уайымдаумен байланысты. Бұрын болған келеңсіз жағдайлар елестеп, болашақта қайталанатындай болады. Амалсыздық, үмітсіздік сезімі орнайды. Әрине, мұндай дәрігер науқасқа сенім орната алмайды. Науқас оның біліксіздігіне күмәнданып, оған сенуден қалады. Өз уайымына батқан дәрігер науқастың жағдайының жақсарғанын байқамай, науқастың жақсаруының сиптомдарын айтып науқасты дер кезінде қолдамайды, осылай жүргізілген терапияның жағымды әсерлерін бұзады.



# Дәрігердің интроверсиялы болуы

**Интроверсия-субъекттің өзіне бағыттанушылығы, өзінің сезімдерін, уайымдарын, танымын өзінше ескеру, қоршаған ортаны субъективті түсіну.** Интроверсиялы дәрігер өз психологиялық әлемімен, өзімен –өзі болады. Өзін қоршаған адамдармен қатынасты талап ететін жағдайда шарасыздық танытады. Тұлғааралық қатынаста интуица, сезгіштік жеткіліксіз, эмпатия төмен деңгейде, яғни өзге адамның ауруы мен қиындығына үндесу қабілеті төмен. Науқаспен байланыс орнату қиынға түседі.



# Коммуникативтік толеранттылық

Егер дәрігер толерантты болмаса ол не кәсіби деформацияға ұшырайды, не әлдеқашан деформацияланған. Дәрігер толерантты, яғни шыдамды және кешірімшіл болуы керек. Ауру адам дәрігерде қандай сезім тудырады, науқас оған ұнай ма, жоқ па бәрібір дәрігер науқасқа көмек көрсетіп, психологиялық жағынан қолдауы керек



# Деформацияның алдын алу

Алдын алу үшін кәсіби деформацияның даму мүмкіндігін кемітетін шаралар қолданылады.

- Сананы басқару техникасын меңгеру
- Бір қызмет түрінен екіншісіне өте алу қабілеті
- Ерік,жігерді нығайту
- Стереотиптерде,стандарттарда шырмалмау.  
Туындаған жағдайға байланысты әрекет ету.
- **Аффилиация** -адамның өзге адамдармен бірге болуға ұмтылысы





# ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.

- “Клиническая психология”, Карвасарский.
- “Медицинская психология”, Ю.Г.Тюльпин, Москва, “Медицина” 2004.
- “Учебное пособие по медицинской психологии”, Н.Д. Лакосина, Г.К.Ушаков. М.:Медицина, 1976, 320с., ил.

